

КЕЛІСІЛДІ

Ақмола облысы ішкі саясат
басқармасы жағындағы
«Қоғамдық келісім» КММ
басшысы



Е.Б.Нұғыманов

КЕЛІСІЛДІ

«Арна» Көкшетау жоғары
колледжінің директоры



Д.У.Такенова

Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының жағындағы
«Қоғамдық келісім» КММ мен
«Арна» Көкшетау жоғары колледжі
арасындағы
өзара ынтымақтастық жөніндегі
МЕМОРАНДУМ

Көкшетау қ.

«14» желтоқсан 2021 ж.

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының жағындағы «Қоғамдық келісім» КММ. Жарғы негізінде әрекет ететін басшысы **Нұғыманов Ермек Бексұллы** тұлғасында бір тараптан және «Арна» Көкшетау жоғары колледжі, Жарғы негізінде әрекет ететін директоры **Такенова Динара Уалиханқызы** тұлғасында екінші тараптан, Қазақстан халқы ассамблеясының «Қазақтану» ғылыми-интерактивтік жобасы аясында, мәдениет және өнер саласындағы байланыстар мен ынтымақтастықты кеңейтуге және тереңдетуге, жастардың дамуына жәрдемдесуге ниет білдіре отырып, келесідей жағдайлар туралы өзара түсіністікке келді:

1-бап. Меморандум мәні

- 1.1. Осы Меморандумның мәні мәдениет пен өнер, жастардың дамуы саласындағы жобаларды іске асыруға бағытталған әріптестік қатынастарды орнату және тараптардың ұзақ мерзімді, өзара тиімді ынтымақтастығын дамыту болып табылады.
- 1.2. Тараптар жаңы қабылданған практиканы негізге ала отырып, тең құқықтық, ізгі ниет, құрмет пен сенім негізінде ынтымақтастықты іске асыруға ниеттенеді.

2-бап. Ынтымақтастық бағыттары және Тараптардың өзара іс-қимыл жасау нысандары

- 2.1. Екі тарап арасындағы мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және дамытуға, ақпарат, мерзімді басылымдар, костюмдер алмасу және жастарды мәдени-бұқаралық іс-шараларға және қоғамдық өмірге қатысу үшін ұсыну арқылы жастар ортасын дамытуға Тараптар жәрдем көрсететін болады.
- 2.2. Тараптар екі жақта өткізілетін мәдениет күндеріне және басқа да мәдени іс-шараларға қатысу үшін музыкалық, фольклорлық, әртістік ұжымдармен және жекелеген орындаушылармен алмасуды қолдайтын болады.
- 2.3. Тараптар музыка саласындағы мамандардың делегацияларымен, сондай-ақ практикалық жұмыс тәжірибесімен алмасу және конференцияларға, шеберлік-сабақтарына және шығармашылық кездесулерге қатысу үшін қызметкерлермен алмасатын болады.

- 2.4. Тараптар дөнгелек үстелдерге, семинарларға, кездесулерге, бос жұмыс орындар жәрмеңкелеріне бірлесіп қатысады.
- 2.5. Тараптар жастарды «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстан» жобасына белсенді қатыстырады.
- 2.6. Осы Меморандум тараптарының сайттарында, бұқаралық ақпарат құралдарында бірлескен ақпараттық науқандарды өткізу жөніндегі материалдарды орналастырады.
- 2.7. Жастарды дамыту мен қолдауға бағытталған мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларына қатыстырады.

3-бап. Қосымша шарттар

- 3.1. Тараптар осы Меморандум жасасу тараптарды қандай да бір заңды міндеттемелермен байланыстырмайтынын, қаржылық міндеттемелердің туындауына әкел соқпайтынын және сонғыларының туындауы үшін Тараптардың жекелеген келісімдер жасасуы талап етілетінін жеке талқылайды.
- 3.2. Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
- 3.3. Тиісті келісімдер шеңберінде жеке талқыланған жағдайларды қоспағанда, әрбір Тарап осы Меморандумның шарттарын орындау кезінде туындайтын өз шығыстарын көтереді.
- 3.4. Тараптар бұдан әрі олардың арасында өзара уағдаластыққа қол жеткізілетін осы Меморандумға енгізілмеген басқа да іс-шараларды жүргізе алады.

4-бап. Меморандумның қолданылу мерзімі және оны тоқтату тәртібі

- 4.1. Осы Меморандум 3 (үш) жыл мерзімге жасалады және Тараптар оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді. Егер Меморандум мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Тараптардың ешқайсысы осы Меморандумды бұзу шешті туралы мәлідемесе, Меморандум әрбір келесі жылға ұзартылған болып есептеледі.


5-бап. Қорытынды ережелер

- 5.1. Осы Меморандум Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының негізінде әзірленді, бұл ретте оған қол қойған Тараптар өз өкілеттіктері көлемінде осы Меморандумда бекітілген міндеттемелерді өзіне қабылдайды.
- 5.2. Тараптар екі жақты келіссөздер жолымен олардың арасында туындаған келіспеушіліктерді жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады.
- 5.3. Осы Меморандумның кез келген өзгерісі, егер ол жазбана нысанда жасалса және Тараптардың әрқайсысы қол қойса, жарамды болып табылады.
- 5.4. Осы Меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалады.

6-бап. Тараптардың мекен-жайлары мен қолдары

БИН 140740028647
Мекен-жайы: Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы, Н.Назарбаев
даңғылы, 2/5
Ақмола облысы ішкі саясат
бақармасының жанындағы
«Қоғамдық келісім» КММ
басшысы

Б.Б.Нұғыманов

БИН 020740004126
Мекен-жайы: Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы, Абай к, 139
«Арна» Көкшетау жоғары
кәсіп білім директоры

Д.У.Текенова